

Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Елшілігін орналастыру үшін Қазақстан Республикасының меншігіне Брюссельде ғимарат сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 27 мамырдағы N 893

Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктерінің қалыптаты жұмыс істеуі үшін жағдай жасау және жылжымайтын мүлік объектілерін жалға алуға кететін жылдық шығыстарды қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Елшілігін: 20 avenue Van Bever 1180 Bruxelles мекен-жай бойынша орналастыру үшін Қазақстан Республикасының меншігіне құны 45 (қырық бес) млн. бельгия франкісінде ғимарат сатып алу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Аталған сатып алу аталған жобаға үкімет кепілдігімен берусіз "Generale de Banque" банкінің 10 жыл мерзімге 35 (отыз бес) млн. бельгия франкі мөлшеріндегі несиелес ресурстарын тарту және 1997 жылға арналған республикалық бюджетте республиканың шет елдегі елшіліктері мен өкілдіктерін ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жыл сайын республикалық бюджетте жоғарыда аталған ұзақ мерзімді несиені өтеуге қажетті қаржы бөлуді көздерін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі